

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бағалы қағаздар нарығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 21 сәуірдегі N 46 Заңы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 15-16, 106-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 184-құжат; N 15, 281-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 5, 58-құжат; N 13-14, 205-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 11-12, 176-құжат; N 17-18, 224-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 9, 86-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 5, 31-құжат; N 10, 51-құжат; N 11, 56, 67-құжаттар; N 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., N 11-12, 66-құжат; N 15, 86-құжат; N 16, 91-құжат; N 23, 140-құжат):

8-баптың 3-тармағының е) тармақшасы ", сондай-ақ" деген сөздің алдынан " инфрақұрылымдық," деген сөзбен толықтырылсын.

2. "Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 14, 119-құжат; 2004 ж., N 16, 91-құжат; N 23, 142-құжат):

1) 1 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 27-1) тармақшамен толықтырылсын:

"27-1) инфрақұрылымдық облигация - эмитент міндеттемелерінің орындалуы мемлекет пен эмитент арасында мемлекетке берілетін объектінің құнының сомасына сәйкес жасалған инфрақұрылымдық жобаны іске асыру жөніндегі концессиялық келісім шеңберінде мемлекеттің кепілгерлігімен қамтамасыз етілген облигация;"

59) тармақша "рыногындағы" деген сөзден кейін "инфрақұрылымдық, сондай-ақ" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 9-баптың 1-тармағының 10) тармақшасы "ипотекалық" деген сөздің алдынан " инфрақұрылымдық, сондай-ақ" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 1 2 - б а п т а :

1-тармақтың 7) тармақшасы "ипотекалық" деген сөздің алдынан " инфрақұрылымдық, сондай-ақ" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

" 3 . Э м и т е н т :

1) құрылтайшылар (жалғыз құрылтайшы) жарғылық капиталды төлеген жағдайда;

2) инфрақұрылымдық облигациялар шығаруды жүзеге асыратын эмитентті қоспағанда, соңғы қаржы жылы ішінде залал шекпей қызмет істеген жағдайда кем дегенде бір жыл жұмыс істегеннен кейін мемлекеттік емес облигациялар шығаруды жүзеге асыруға құқылы.";

4) 14-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:
"Осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларының талаптары инфрақұрылымдық облигациялар шығаруға қолданылмайды.";

5) 15-баптың 1-тармағының бірінші абзацы "және ол" деген сөздерден кейін ", инфрақұрылымдық облигациялар эмитентін қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

б) мынадай мазмұндағы 18-1-баппен толықтырылсын:

"18-1-бап. Инфрақұрылымдық облигациялар шығарудың, айналысы мен өтелуінің ерекшеліктері

1. Инфрақұрылымдық облигациялар шығарудың, айналысы мен өтелуінің, сондай-ақ оларды орналастыру мен өтеудің қорытындылары туралы есепті табыс етудің талаптары мен тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленеді.

2. Инфрақұрылымдық облигацияларды эмитент акциясына айырбастауға тыйым салынды.

3. Инфрақұрылымдық облигациялардың айналысы мерзімі ішінде концессиялық келісімнің талаптарын облигациялар ұстаушылардың құқықтары мен мүдделерін кемсітуге әкеп соқтыратындай етіп өзгертуге жол берілмейді.";

7) 19-баптың 1-тармағы бірінші бөлігіндегі "Ипотекалық" деген сөз "Инфрақұрылымдық, сондай-ақ ипотекалық" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 20-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Инфрақұрылымдық облигацияларды ұстаушылардың өкілі осы баптың 1-тармағында айқындалған функцияларымен қатар, жобаның уақтылы және сапалы іске асырылуының, сондай-ақ оның инфрақұрылымдық облигациялар шығарудың талаптарына сәйкес келуінің мониторингін жүргізеді."

2-бап. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті